

**Зифа Қақбаевна Темірғазина¹, Зауреш Кеңесқызы Құрманова^{2*},
Гүлнәр Кәрімжанқызы Шахажанова³**

¹филология ғылымдарының докторы, профессор,
Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,
Қазақстан, Павлодар қ., ORCID: 0000-0003-3399-7364 E-mail: zifatemirgazina3@gmail.com
^{2*}автор-корреспондент, филология ғылымдарының кандидаты,
Қазақ ұлттық спорт университеті, Қазақстан, Астана қ.,
ORCID: 0000-0002-5253-3533 E-mail: zaurkurm2025@inbox.ru
³философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор,
Қаныш Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті,
Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0000-0001-8750-0769 E-mail: abitovad@inbox.ru

ТӘУЕЛСІЗДІК ДӘУІРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ -ХАНА КОМПОНЕНТТІ СӨЗЖАСАМДЫҚ МОДЕЛЬДІҢ ДИНАМИКАСЫ

Андатпа. Бұл мақалада -хана аффиксоидімен бірігу арқылы жасалған зат есімдер қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – тәуелсіздік кезеңінде қазақ тіліндегі құрамында -хана аффиксоиді бар сөзжасамдық модельдің динамикасын анықтау. Тәуелсіздік кезеңінде бұл модель жаңа саяси, әлеуметтік-мәдени, ұйымдастырушылық және тұрмыстық құбылыстар мен ұғымдардың атауларын жасау барысында белсенді қолданыла бастады. «Хана» сөзінің парсы тілінен шыққанына қарамастан, ол қазақ тілінің сөзжасам жүйесіне сіңісіп, ежелден зат есімдерді жасауда өнімді қызмет атқарған. Алайда отаршылдық кезеңде қазақ тілінің қоғамдық қолданыс аясының тарылуына байланысты сөзжасамдық модельдің өнімділігі төмендеп, қолданыстан шыға бастады. Дегенмен тәуелсіздікпен бірге келген жаңа әлеуметтік-мәдени жағдай тілдің ішкі тетіктерін жандандырып, соның ішінде күрделі сөздердің -хана аффиксоиді арқылы қалыптасу үдерісі қайта қарқын алды. Мақалада -хана компоненті арқылы жасалған зат есімдердің құрылымдық және семантикалық модельдері сипатталады. Олардың қатарында бірінші компоненті зат есімнен және етістіктен жасалған модельдер қарастырылады. Күрделі сөздердің семантикалық модельдері белгілі бір заттардың орналасатын, сатылатын және сақталатын орнын, сондай-ақ тамақ дайындау, емдеу, көлөнер сияқты кәсіби қызмет түрлері жүзеге асырылатын мекенді білдіреді. Қазіргі қазақ тілінде бірінші компоненті зат есім болатын модель ең өнімді сөзжасамдық үлгі болып табылады. -хана компоненті лексикалық мағынасын ішінара жоғалтқан, қазіргі кезде оның негізгі қызметі – сөзжасам, яғни жаңа күрделі сөздердің заттылық мағынасын білдіру.

Тірек сөздер: -хана; сөзжасам; аффиксоид; қазіргі қазақ тілі; неологизм.

Сілтеме жасау үшін: Темірғазина З.Қ., Құрманова З.К., Шахажанова Г.К. Тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ тіліндегі -хана компонентті сөзжасамдық модельдің динамикасы. *Tiltanyt*, 2026. №2 (102). 28-38-бб.

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-2-28-38>

**Зифа Какбаевна Темиргазина¹, Зауреш Кенесовна Курманова^{2*},
Гульнар Каримжановна Шахажанова³**

¹доктор филологических наук, профессор,
Павлодарский педагогический университет имени Әлкея Марғұлан, Казахстан, г. Павлодар,
ORCID: 0000-0003-3399-7364 E-mail: zifatemirgazina3@gmail.com
^{2*}автор-корреспондент, кандидат филологических наук,
Казахский национальный университет спорта, Казахстан, г. Астана,
ORCID: 0000-0002-5253-3533 E-mail: zaurkurm2025@inbox.ru
³доктор философии (PhD), ассоциированный профессор,
Казахский национальный исследовательский технический университет имени Каныша Сатпаева,
Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0001-8750-0769 E-mail: abitovad@inbox.ru

ДИНАМИКА СЛОВООБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ МОДЕЛИ С КОМПОНЕНТОМ -ХАНА В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ ЭПОХИ НЕЗАВИСИМОСТИ

Аннотация. В статье анализируются существительные с аффиксоидом -хана, образованные путем сложения. Цель исследования – выявить динамику словообразовательной модели с названным аффиксоидом в казахском языке периода независимости, когда она была активизирована для номинации новых политических, социокультурных,

организационных, бытовых реалий, явлений и понятий. Несмотря на персидское происхождение слова *хана*, оно натурализовалось в казахском языке и активно использовалось в древнем казахском языке для образования существительных, затем в колониальный период, когда востребованность казахского языка постепенно снижалась, словообразовательная модель перестала быть активной и частотной. Однако новая социокультурная реальность, пришедшая с провозглашением независимости, включила внутренние механизмы языка, в том числе образование сложных слов с помощью аффиксоида *-хана*. В статье описаны наиболее употребительные структурные и семантические модели образования существительных с *-хана*: с первым компонентом именем существительным и с первым компонентом – глаголом. Семантические модели сложных слов обозначают либо место нахождения, продажи, хранения каких-либо предметов, либо место для осуществления профессиональной деятельности: приготовления пищи, лечения, ремесел и т.п. Наиболее частотной в современном казахском языке является модель с первым компонентом – существительным. Компонент *-хана* частично утерял свое лексическое значение и его основной функцией стала словообразовательная функция и передача грамматического значения предметности в новых сложных словах.

Ключевые слова: *-хана*; словообразование; аффиксоид; современный казахский язык; неологизм.

Для цитирования: Темиргазина З.К., Курманова З.К., Шахажанова Г.К. Динамика словообразовательной модели с компонентом *-хана* в казахском языке эпохи независимости. *Tiltanyim*, 2026. №2 (102). С. 28-38. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-2-28-38>

Zifa Temirgazina¹, Zauresh Kurmanova^{2*}, Gulnar Shakhazhanova³

¹Doctor of Philological Sciences, Professor,

Pavlodar Pedagogical University named after Alkey Margulan, Kazakhstan, Pavlodar,

ORCID: 0000-0003-3399-7364 E-mail: zifatemirgazina3@gmail.com

^{2*}Corresponding Author, Candidate of Philological Sciences, Kazakh National University of Sports, Kazakhstan, Astana, ORCID: 0000-0002-5253-3533 E-mail: zaurkurm2025@inbox.ru

³Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor,

Kanysh Satpayev Kazakh National Research Technical University, Kazakhstan, Almaty,

ORCID: 0000-0001-8750-0769 E-mail: abitovad@inbox.ru

DYNAMICS OF THE WORD-FORMATION MODEL WITH THE COMPONENT *-KHANA* IN THE KAZAKH LANGUAGE OF THE INDEPENDENCE ERA

Abstract. The article analyzes nouns with the affixoid *-khana* formed through compounding. The aim of the study is to reveal the dynamics of the word-formation model with the named affixoid in the Kazakh language during the period of independence, when it was activated for the nomination of new political, sociocultural, organizational, and everyday realities, phenomena, and concepts. Despite the Persian origin of the word “khana” it became naturalized in the Kazakh language and was actively used in Old Kazakh for the formation of nouns. Then, during the colonial period, when the demand for the Kazakh language gradually declined, this word-formation model ceased to be active and frequent. However, the new sociocultural reality that came with the declaration of independence included internal mechanisms of language, in particular the formation of complex words using the affix *-khana*. The article describes the most commonly used structural and semantic models for forming nouns with *-khana*: with the first component being a noun and with the first component being a verb. The semantic models of complex words denote either the location, sale, or storage of certain items, or a place for professional activities: cooking, medical treatment, crafts, etc. The most common model in modern Kazakh is the one with the first component being a noun. The component *-khana* has partially lost its lexical meaning, and its main function has become word-formation and the transmission of grammatical meaning in new compound words.

Keywords: *-khana*; word-formation; affixoid; modern Kazakh language; neologism.

For citation: Temirgazina, Z., Kurmanova, Z., Shakhazhanova, G. Dynamics of the Word-Formation Model with the Component *-khana* in the Kazakh Language of the Independence Era. *Tiltanyim*, 2026. No.2 (102). Pp. 28-38. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-2-28-38>

Кіріспе

Тәуелсіздік кезеңінде қазақ тілінің дамуындағы маңызды бағыттардың бірі – тілдің ішкі әлеуетін пайдалану арқылы «жаңа социо-мәдени реалийлерді бейнелеу мүмкіндіктерін кеңейту» үдерісі (Момынқұлов, 2011). Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болуы, оның қызметтік аясын кеңейтуі мен қоғамдық қолданыс салаларының ұлғаюы тілдің алдына жаңа әлеуметтік-мәдени міндеттер жүктеді. Агглютинативті табиғатына байланысты қазақ тілінде сөзжасам үдерісі айқын көрініс табады әрі бұл құбылыс әлемнің көптеген кең таралған тілдерінде де едәуір дәрежеде жандана түсті.

«Осы орайда күрделі сөздердің жасалуы қазақ тілінің дамуын ғана көрсетіп қоймай,

сонымен қатар оның мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесіне және тиісінше қызметтері мен қолданыс аясының кеңеюіне байланысты қалыптасқан әлеуметтік сұранысқа жауап береді. Соңғы он жылдағы саяси, әлеуметтік және мәдени өмірдегі өзгерістер қазақ тіліндегі композит сөзжасамының «бумын» ынталандырды» (Қасым, 2007). Бұл жағдай тілдің ішкі механизмдерінің белсенділігін арттырып, қазақ тілінің өміршендік деңгейінің жоғары екендігін айқын көрсетті. Ішкі мүмкіндіктерін тиімді пайдалана отырып, қазақ тілі түрлі салаларда коммуникацияның пәрменді құралына айналып, жаңа қоғамдық және ұлттық-мәдени атауларды, сондай-ақ тілдің жаңа мәртебесін толыққанды бейнелей бастады.

Қазақ тілінің қазіргі мәртебесін қамтамасыз ететін тиімді тілдік механизмдердің бірі – сөзжасам. Қазақ тіліндегі зат есім сөзжасамы құрылымы жағынан жүйелі, логикалық тұрғыдан үйлесімді әрі белгілі бір дәрежеде «математикалық дәлдікке» негізделген жүйе. Агглютинативті тілдерде жаңа сөздер үндіеуропа тілдеріндегі сияқты түбірді өзгерту арқылы емес, өзгермейтін түбірге белгілі бір мағынасы бар аффикстердің бірізді жалғануы арқылы жасалады. Бұл үдеріс әрбір бөлшегі нақты орын мен мағынаға ие күрделі конструкторға ұқсайды.

Жаңа саяси, идеологиялық, мәдени және қоғамдық реалийлерді атау мақсатында бірқатар сөзжасамдық модельдер белсенді қолданылып, жаңа ұғымдарды номинациялауға қызмет ететін жаңа сөздердің пайда болуына негіз болды. Аталған зерттеуде екінші компоненті *-хана* болып келетін екі сөздің бірігуі арқылы жасалған зат есімдердің сөзжасамдық моделінің динамикасы қарастырылады. Зат есімдердің сөзжасамы – «тілдің тарихи дамуындағы үздіксіз үдеріс: бұл жұмыс ешқашан тоқтамайды, ол үнемі жалғасып отырады. Әрине, ол кейде баяу, кейде белсенді сипат алуы мүмкін, алайда тоқтаусыз жүретін құбылыс. Себебі туынды зат есімдер өмірдегі жаңалықтармен тығыз байланысты. Қоғамдық өмірде пайда болған жаңа нысандарды, ұғымдар мен құбылыстарды атау қажеттілігі туынды зат есімдердің жасалуына негіз болады. Жаңалықтар, әдетте, өз уақытында жарияланып отырады. Сондықтан туынды зат есімдердің жасалуы үнемі жалғаса береді» (Ulagat.com).

Материал және әдістер

Зерттеу материалы ретінде қазақ тілінің мынадай лексикографиялық дереккөздері пайдаланылды: Б. Қалиевтің «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» (2014), «Қазақ тілінің аймақтық сөздігі» (2005) (бұдан әрі – ҚТАС), К. Бектаевтың «Қазақша-орысша сөздігі» (2007) және электрондық «Қазақша-орысша сөздігі» (бұдан әрі – ҚОС). Аталған сөздіктерден *-хана* аффиксоиді арқылы жасалған 64 сөз іріктеліп алынды. Сонымен қатар маңдайшалар мен жарнамалық мәтіндерге жүргізілген бақылаулар нәтижесінде қазақ тілінің сөздіктеріне әлі енген, құрамында *-хана* аффиксоиді бар тағы 7 сөз анықталды. Бұл деректер қазіргі қазақ тіліндегі сөзжасамда аталған модель бойынша жаңа атаулардың белсенді түрде жасалып жатқанын айғақтайды. Осылайша, мақалада *-хана* аффиксоиді бар 71 композит талдауға алынды.

Іріктелген материалды талдау үшін сөзжасамдық талдау әдісі қолданылды, өйткені зерттеуде қазақ тіліндегі сөзжасам мәселесі қарастырылды. Әдісті кезең-кезеңімен қолдану барысында, біріншіден, *-хана* компоненті арқылы жасалған күрделі сөздердің сөзжасамдық моделі анықталды; екіншіден, осы модель аясындағы сөздердің бірігу ерекшеліктері, атап айтқанда, композит құрамына енетін компоненттердің морфологиялық табиғаты сипатталды; үшіншіден, семантикалық және құрылымдық-сөзжасамдық ерекшеліктеріне сәйкес модельдің түрлері ретінде субмодельдер айқындалды; төртіншіден, модель мен оның субмодельдерінің сөзжасамдық мағыналары анықталды.

Зерттеуде *-хана* компоненті бар композиттердің қалыптасуы мен даму ерекшеліктері тарихи тұрғыдан талданды. Талдау нәтижесінде композиттердің жасалу динамикасына әлеуметтік-мәдени, социолингвистикалық және идеологиялық факторлардың елеулі әсер еткені анықталды. Аталған факторлар кейбір субмодельдердің белсенділенуіне, жаңа сөздердің пайда болуына, сондай-ақ бірқатар күрделі сөздер мен олардың жекелеген мағыналарының қолданыстан шығуына себеп болды.

Әдебиетке шолу

-хана аффиксі және осы компонент негізінде қалыптасқан сөзжасамдық модель қазақ тіл біліміндегі көрнекті ғалымдардың еңбектерінде арнайы қарастырылған. Мәселен, Н. Сауранбаев

морфология мәселелеріне арналған зерттеулерінде *-хана* аффиксін өнімді кірме аффикстердің бірі ретінде сипаттап, оның бөгде тілдік элемент ретінде қабылдану сипатын біртіндеп жоғалтып, қазақ тілінің морфологиялық жүйесіне сіңіскенін көрсетеді. Ғалым сондай-ақ кеңестік кезеңде жаңа әлеуметтік институттар мен қоғамдық құбылыстарды атауға арналған терминдердің қалыптасуында *-хана* аффиксінің маңызды қызмет атқарғанын атап көрсетеді (Сауранбаев, 1982).

Академик Ә. Қайдар парсы тілінен енген элементтердің бейімделу механизмдерін этимологиялық тұрғыдан жан-жақты талдай отырып, *-хана* аффиксін ерекше құбылыс ретінде сипаттайды. Оның пікірінше, *-хана* кірме зат есімнің аффикске айналуын көрсететін бірегей мысал болып табылады: ол бастапқы «үй-жай», «орын», «мекен» деген лексикалық мағынасын сақтай отырып, грамматикалық қызметке ие болған. Осылайша, академик Ә. Қайдар *-хана* элементінің толық мағыналы сөзден сөзжасамдық аффикске ауысу кезеңіндегі аралық сипатын көрсетеді (Қайдар, 2014). Сөзжасам теориясында мұндай аралық табиғаттағы тілдік бірліктер аффиксоидтер (префиксоидтер, суффиксоидтер) деп аталады (Волкова, Драчева, 2020).

А. Ысқақов *-хана* аффиксін мекендік мағынадағы зат есімдер тудыратын аффикстер қатарына жатқызады. Ол бұл аффиксті өнімділігі жоғары әрі әртүрлі семантикалық топтағы негіздермен (тұрмыстық, медициналық, оқу-ағартушылық т.б.) тіркесу қабілетімен ерекшеленетінін атап көрсетеді (Ысқақов, 1963; Ысқақов, 1991). Ғ. Мұсабаев дербес лексикалық бірліктердің (*хана*, *паз//ваз*, *нама*, *ман//мен*, *стан* және т.б.) сөзжасамдық суффиксоидтерге айналуы осындай элементтері бар күрделі сөздерді сөзжасамның аналитикалық моделіне жатқызуға мүмкіндік береді деп есептейді (Мұсабаев, 1955: 124). Ж. Тектіғұл агглютинативті тілдерге тән сөзжасамдық морфемалардың қалыптасу жолдарының бірі ретінде күрделі сөздер мен сөз тіркестерінің соңғы компонентінің сөзжасамдық жұрнаққа айналуын атайды (Тектіғұл, 2013). *-хана* элементінің даму жолы осы құбылыстың қазақ тіліндегі көрінісі ретінде бағалануы мүмкін.

Бүгінгі таңда ғалымдар сөзжасамдық аффикстерді Қазақ тілінің ұлттық корпусында іздеу үдерістерін алгоритмдеу тұрғысынан қарастыруда. Мәселен, В.Б. Барахнин, А.М. Бакиева және басқа зерттеушілер (Барахнин, 2017) қазақ сөзформаларын генерациялау мен стемматизациялау алгоритмдерін әзірлеумен айналысып, *-хана* аффиксін локативтік мәнді бірліктерді айқындауға арналған автоматты мәтін өңдеудегі маркер ретінде қарастырады. Қазақ тілінің ұлттық корпусының зерттеушілері де «толыққанды сөзжасамдық аффикстердің» (олардың қатарына *-хана* да жатады) құрылымдық берілу жолдарын талдап, дәл әрі сенімді лингвистикалық дерекқорлар құруды мақсат етеді (Акаг, 2023).

Алайда *-хана* компонентінің қазақ тіліндегі күрделі зат есімдердің жасалуындағы қызметіне және осы компонентке негізделген сөзжасамдық модельге арнайы арналған еңбектердің жоқтығын атап өткен жөн. Осы тұрғыдан алғанда, аталған зерттеу жаңалығымен әрі өзектілігімен ерекшеленіп, қазақ тіліндегі күрделі зат есімдердің жасалуындағы белсенді модельдерді зерттеуге үлес қосады.

Нәтижелер және талқылау

-хана аффиксі – қазақ тілінің сөзжасам жүйесіндегі бірегей құбылыс. Парсы тілінен енген (*khana* – «үй», «жай», «тұрғын орын» мағыналарында) бұл элемент қазақ тілінің құрылымына соншалықты терең сіңісіп кеткендіктен, қазіргі таңда төл, табиғи құрамдас бөлшек ретінде қабылданады. Оның игерілу үдерісін лингвистер «натурализация» деп атайды: аффикс дербес сөз болу қасиетінен айырылып, ауқымды лексикалық қабатты жасауға қатысатын өнімді сөзжасамдық формантқа айналды.

Қазақ тілінің сөзжасамында туынды сөздер мен күрделі сөздер ажыратылады. Күрделі сөздерді белгілеу үшін лингвистикалық әдебиеттерде «композит» термині де қолданылады. L. Bauer «Compounds and Compounding» атты еңбегінде композиттердің сөз тіркестерінен айырмашылығын айқындайтын негізгі белгілерді көрсетеді. Оларға біртұтас екпіннің болуы, бірге жазылуы, құрамына өзге сөздің кірістіріле алмауы және басқа да ерекшеліктер жатады (Bauer, 2017). Қазақ тіліндегі *-хана* компоненті арқылы жасалған күрделі сөздер аталған белгілердің барлығына ие. А.Ә. Жаңабекова мен К.Қ. Пірманова *-хана* арқылы жасалған *емхана*,

дәрісхана, мейрамхана сияқты сөздерді *-гер, -лық, -ші* тәрізді қызметтік аффикстердің қатысуымен жасалатын *тәлімгер, базарлық, сәулетші* секілді туынды сөздерден ажыратып, күрделі сөздер қатарына жатқызады (Жаңабекова, Пірманова, 2020: 27).

Б. Қасым құрамында «аффиксоидтік деңгейге жеткен» морфемалары бар композиттерді күрделі зат есімдер қатарына енгізіп, *-бай, -бек, -зада, -нама, -тану, -құмар, -аралық* элементтерімен қатар *-хана* аффиксін де осы топқа қосады (Қасым, 2007). Басқаша айтқанда, *-хана* аффиксоидтерге жатады, яғни толыққанды лексема мен сөзжасамдық аффикс арасындағы өтпелі кезеңде тұрған синкретті морфема болып табылады. Белгілі болғандай, аффиксоидация үдерісінде сөз өзінің лексикалық мағынасының бір бөлігін жоғалтып, қызметтік, сөзжасамдық функциясын күшейтеді (Темірғазина, Андрющенко, 2023). Бұл тұжырымды қазіргі қазақ тілінде *-хана* компонентінің дербес сөз ретінде қолданылмай, тек күрделі зат есімдердің құрамында ғана жұмсалуды да дәлелдей түседі. *-хана* элементінің негізгі сөзжасамдық қызметі – күрделі сөзге заттылық категориясының мағынасын беру, яғни оны зат есім ретінде қалыптастыру болып табылады. Бұл модельде бірінші компоненттің сөз табына қатысты шектеу байқалмайды: оның қызметін етістік, зат есім, сын есім және өзге де сөз таптары атқара алады.

Түркі тілдерінде *-хана* сөзінің натурализациялануы сингармонизм заңына толықтай бағынуына әкелген жоқ. Осы тұрғыдан алғанда *-хана* аффиксоиді белгілі бір деңгейде «қыңырлық» танытады. Қазақ тілінде ол түбірдің жуан не жіңішке болуына қарамастан, тек бір ғана нұсқада, яғни жуан *а* дауыстысы арқылы қолданылады. Мысалы: [*дәрі* (жіңішке сөз) + *-хана* = *дәріхана*] – мұнда сингармонизм заңының бұзылуы байқалады. Бұл құбылыс кірме аффикстердің басым көпшілігіне тән сипат болып табылады.

Қазіргі қазақ тілінде *-хана* аффиксінің қоғамдық орындарды, мекемелерді, мамандандырылған нысандарды немесе қызмет көрсету кәсіпорындарын білдіретін зат есімдер жасауға қызмет ететінін ерекше атап өткен жөн. Ол белгілі бір нысанды, адамды немесе әрекетті нақты мекендік кеңістікпен байланыстыратын тілдік құрал ретінде көрініс табады.

Төменде *-хана* аффиксі арқылы жасалған сөздердің ең жиі кездесетін әрі өнімді құрылымдық модельдері егжей-тегжейлі қарастырылады. Олардың аясында күрделі сөз компоненттері арасындағы семантикалық қатынастарды нақтылайтын субмодельдер айқындалады. «Күрделі сөз ішіндегі компоненттердің байланысы кездейсоқ емес. Ол композит құрамына енетін бөліктердің мағынасына, олардың лексикалық тіркесімділігіне және грамматикалық құрылымына негізделеді» (Сәрсенбаева, 2011: 34).

Жиналған материал *-хана* компоненті бар зат есімдердің жасалуындағы негізгі құрылымдық модельдер ретінде [зат есім + *-хана*] (67 сөз) және [етістік + *-хана*] (4 сөз) үлгілерінің басым екенін көрсетті. Ең жиі әрі өнімді модель – бірінші компоненті зат есім болып келетін модель, ал екінші модельдің қолданылу аясы әлдеқайда шектеулі. Белгілі болғандай, екі компоненттен тұратын күрделі сөздерде олардың арасында салаластық немесе сабақтастық қатынастар қалыптасады (Жиренов, Оразова, 2025). Сабақтаса байланысқан күрделі сөздерде компоненттер арасындағы қатынас атрибутивтік және комплетивтік (толықтырушы) болып екіге бөлінеді.

-хана компоненті бар күрделі зат есімдердің семантикасын терең талдау нәтижесінде, олардың құрамында компоненттерді тең дәрежелі элементтер ретінде байланыстыратын салаластық қатынастардың жоқ екені анықталды. Мұнда басым түрде сабақтаса байланысқан комплетивтік қатынастар орын алады, яғни бір компоненттің семантикасы екінші компоненттің мағынасын толықтырып, нақтылай түседі. Бұл жайт «комплетивтік қатынастағы күрделену етістіктерде жоғары өнімді болып, зат есімдер мен үстеулерде төмен өнімді сипатқа ие» деген пікірді теріске шығарады (Сәрсенбаева, 2011: 34). Төменде көрсетілетіндей, комплетивтік қатынастар күрделі зат есімдердің жасалуында да өнімді болып табылады.

Әрбір құрылымдық модель аясында семантикалық қатынастар жекелеген субмодельдер арқылы нақтыланады. Алдағы бөлімде осы семантикалық субмодельдер егжей-тегжейлі талданады.

1. Құрылымдық модель [зат есім + *-хана*]

1.1 Заттық-локативтік субмодель

Белгілі бір затты немесе нысанды білдіретін зат есімге *-хана* аффиксоиді жалғанып, «зат сақталатын, өндірілетін немесе сатылатын орын» деген жалпы семантиканы қалыптастырады.

1.1.1 [*Зат атауы + оның сақталу / сатылу орны*]

КІТАПХАНА *зат.* (Бектаев, 2007: 261): *кітап* сөзінен жасалған. Бұл – ғимараттың ішіндегі негізгі нысан арқылы анықталатын классикалық үлгі;

ДӘРІХАНА *зат.* (Бектаев, 2007: 50);

БАЛХАНА *зат.* – бал сатылатын жер (орын) (Қалиев, 2014: 90);

ХАЛУАХАНА *зат.* – халуа сатылатын жер (орын) (Қалиев, 2014: 638).

1.1.2 [*Адам атауы + оның болуына арналған орын / мекеме*]

Бұл семантикалық субмодельде композиттің бірінші компоненті ретінде адам атауы қолданылады. Алайда мұнда адам әрекет иесі емес, объект немесе пассив субъект ретінде көрінеді:

ҚОНАҚХАНА *зат.* Қазақ тілінде *қонақ* сөзімен жасалған өзге де атаулар бар: *қонақүй, қонақжай*;

МЕЙМАНХАНА *зат.* – қонақүй (Бектаев, 2007: 324);

ЖОЛАУШЫХАНА *зат.* – жолаушыларға арналған үй; жолаушылар бөлмесі (Қалиев, 2014: 203);

ПЕРЗЕНТХАНА *зат.* (ҚОС);

СӘБИХАНА *зат.* – сәбилер үйі; балалар бақшасы (Бектаев, 2007: 403). Араб тілінен: *сәби* (бала, нәресте) (ҚОС);

НӘРЕСТЕХАНА *зат.* – нәрестелер үйі (Бектаев, 2007: 342).

1.2 [*Кәсіби қызмет + оның жүзеге асырылатын орны*]

Бұл семантикалық модельде *-хана* компонентінің мағынасы нақтыланып, ол жай ғана орын емес, кәсіби қызмет атқарылатын мекеме, ұйым немесе нысан ретінде танылады. Одан әрі жіктеу кәсіби қызмет түрлеріне қарай жүзеге асырылады: қоғамдық тамақтану, медицина, қолөнер, оқыту және т.б.

1.2.1 [*Тамақ әзірлеу және тұтынуға арналған қоғамдық орын / мекеме*]

АСХАНА *зат.* – ас ішетін орын; трактир (Бектаев, 2007: 59);

АСПАЗХАНА *зат.* – аспаздық өнімдер сатылатын орын, кулинария (ҚОС);

ДӘМХАНА *зат.* – жедел тамақтану орны (Бектаев, 2007: 141);

МЕЙРАМХАНА *зат.* (Бектаев, 2007: 324);

КӘУАПХАНА *зат.* – кәуап әзірлейтін, кәуап пісіріп сататын жер (Қалиев, 2014: 250);

ТАҒАМХАНА *зат., сөйл.* – асхана (Қалиев, 2014: 537);

НАУБАЙХАНА *зат.* – пекарня (Бектаев, 2007: 293).

Бұл топтың ішінде тағамдар мен сусын атаулары арқылы жалпы семантикасы нақтыланатын композиттердің жеке шағын тобы да айқындалады:

ШАЙХАНА *зат.* – шәй ішетін орын (Бектаев, 2007: 475);

ҚЫМЫЗХАНА *зат.* – қымыз ішетін орын (Қалиев, 2014: 254);

КОФЕХАНА *зат.* – кофе ішетін орын, кофейня (ҚОС);

СЫРАХАНА *зат.* – сыра ішетін орын;

ПАЛАУХАНА *зат.* – палау әзірленіп, ұсынылатын орын;

САМСАХАНА *зат.* – самса әзірленіп, сатылатын жедел тамақтану орны;

ШАШЛЫҚХАНА *зат.* – шашлық ұсынылатын орын.

1.2.2 [*Емдеу жүргізілетін орын / мекеме*]

ЕМХАНА *зат.* – амбулатория; аурухана; диспансер (Бектаев, 2007: 158);

ШИПАХАНА *зат.* – шипажай, емдеу мекемесі (Қалиев, 2014: 666);

АУРУХАНА *зат.* – госпиталь; лазарет; емхана (Бектаев, 2007: 66);

КЕСЕЛХАНА *зат.* – аурухана (Қалиев, 2014: 264);

ЖЫНДЫХАНА *зат.* – психиатриялық аурухана; жындылар үйі (Бектаев, 2007: 215);

МӘЙІТХАНА *зат.* – морг (Қалиев, 2014: 414).

1.2.3 [*Кәсіби қызметтің өзге түрлеріне арналған орындар*]

ДӘРІСХАНА *зат., жаңа.* – дәріс оқылатын орын; аудитория (Қалиев, 2014: 154);

ҒАРЫШХАНА *зат., сөйл.* – ғарышайлақ (Қалиев, 2014: 146).

Кейбір композиттерде бірінші компонент ретінде *теле-, радио-* тәрізді халықаралық түбір-аффикстер қолданылады: ТЕЛЕХАНА, РАДИОХАНА. Бұл неологизмдер 1990-жылдары хабар тарату студияларын атау мақсатында қалыптасқан.

Жеке семантикалық шағын топты бірінші компоненті кәсіби қызмет субъектісін білдіретін сөздер құрайды:

ШЕБЕРХАНА *зат.* (Бектаев, 2007: 481): [*шебер* + -хана];

ЗЕРГЕРХАНА *зат.* – зергерлік шеберхана (Бектаев, 2007: 220): [*зергер* + -хана].

Осы қатарға АСПАЗХАНА композитін де [*аспаз* + -хана] үлгісі бойынша жатқызуға болады.

1.2.4 [Белгілі бір функцияларды, соның ішінде діни қызметтерді орындауға арналған арнайы орын]

НАМАЗХАНА *зат.* – мешіттегі намаз оқуға арналған арнайы орын (зал) (Қалиев, 2014: 439);

ТІЛЕУХАНА *зат., сөйл.* – мешіт; дұға оқылатын орын, зал (Қалиев, 2014: 613);

ҚҰТТЫХАНА *зат.* – өзі үшін құт дарыған мекен, құтхана (Қалиев, 2014: 380);

ЗЕКЕТХАНА *зат.* – жиналған зекет сақталатын орын (Қалиев, 2014: 235);

ҚҰДАЙХАНА *зат.* – құдайы ас берілетін орын, богадельня (ҚОС);

САУЫҚХАНА *зат.* – ойын-сауық, той-думан өткізілетін орын (Қалиев, 2014: 499);

ТОЙХАНА *зат.* – салтанатты шаралар өткізуге арналған зал, банкет залы немесе мейрамхана;

ЖАЙХАНА *зат., сөйл.* – демалыс үйі (Қалиев, 2014: 185);

ОЙЫНХАНА *зат., жаңа.* – рулетка, карта сияқты құмар ойындар ойналатын орын, казино (Қалиев, 2014: 451);

ШАРУАХАНА *зат., сөйл.* – тұрмысхана, тұрмыстық бөлме (Қалиев, 2014: 656);

ТҰРМЫСХАНА *зат.* – тұрмыстық бөлме (Қалиев, 2014: 656);

ДӘРЕТХАНА *зат.* – әжетхана (Бектаев, 2007: 141);

ӘЖЕТХАНА *зат.* – дәретхана (Бектаев, 2007: 72);

ЖЫЛЫХАНА *зат.* – жылу сүйгіш өсімдіктерді өсіруге арналған әйнекпен жабылған құрылыс; оранжерея (Қалиев, 2014: 228);

КӨШЕТХАНА *зат.* – көшет өсіретін орын, парник (Бектаев, 2007: 254);

ҚҰСХАНА *зат.* (Қорда., Арал; Жамб., Жуалы) – мал соятын жер (ҚТАС); К. Бектаев сөздігінде бұл сөздің ҚҰШХАНА фонетикалық нұсқасы да тіркелген (Бектаев, 2007: 303);

ҚҰРМЕТХАНА *зат.* – құрметті адамдарды қабылдайтын арнайы орын (Қалиев, 2014: 377);

СЕЙІСХАНА *зат.* 1) (Қарақ.) – ат баптайтын, жарататын орын; 2) мал қамайтын қора (ҚТАС).

II. Құрылымдық модель [етістік + -хана]

2.1 Процестік-локативтік субмодель [*іс-әрекет* + *оның жүзеге асырылатын орны*]

Бұл модельде -хана аффиксоиді белгілі бір әрекетпен немесе үдеріспен семантикалық тұрғыдан байланысты етістік негіздерге жалғанады. Соның нәтижесінде күрделі сөз нақты бір әрекетті орындауға арнайы арналған орынды білдіреді:

ЖАТАҚХАНА *зат.* (Бектаев, 2007: 188). *Жату* етістігінен жасалған;

ТАНЫСХАНА *зат.* – адамдар танысатын орын.

Аталған сөздің сөзжасамдық уәжі екіұшты: ол [сын есім + -хана] құрылымдық моделіне де жатқызылуы мүмкін, себебі *таныс* сөзі субстантивтенген бірлік ретінде де түсіндіріледі. Алайда «адамдар танысатын орын» деген семантика бірінші компоненттің *танысу* етістігімен байланысын айқындайды. Бұл жағдайда етістік негізі соңғы -у дауысты дыбысының түсірілуі арқылы ықшамдалып, танысхана [етістік + -хана] моделіне жатады деп есептейміз.

2.2 Кәсіби-локативтік субмодель [*кәсіби қызмет* + *оның жүзеге асырылатын орны / мекемесі*]

Бұл модельде орын немесе ғимарат атауы сол жерде жүзеге асырылатын әрекет арқылы

анықталады:

БАСПАХАНА *зат.* – типография (ҚОС);

ЗЕРТХАНА *зат.* – лаборатория (Қалиев, 2014: 236).

Етістік негіздің *-хана* аффиксоидімен тіркесуі барысында морфонологиялық үдерістер байқалады: морфемалар жігінде қосымша дыбыстар мен буындардың пайда болуы немесе етістіктің ықшамдалуы жүзеге асады. Мысалы, *баспахана* сөзін жасауда *басу* етістігінің соңғы *-у* дыбысы түсіріліп, аралық *-па-* буыны қосылады: [бас(у) + *-па-* + *-хана*]. *Зертхана* сөзінде *зерттеу* етістігінің соңғы *-теу* буыны түсірілген: [зерт(теу) + *-хана*]. *Жатақхана* сөзінде *жату* етістігіне морфемалар түйісінде *-ақ-* буыны қосылған: [жат(у) + *-ақ-* + *-хана*].

III. *-хана* компоненті бар күрделі сөздердегі архаизация және неологизация үдерістері

-хана аффиксоиді бар сөзжасамдық модель қазақ тілінің қалыптасуы мен дамуының ерте кезеңдерінде-ақ белсенді болған. Бұған қазіргі сөздіктерде «көне» белгісімен беріліп, пассив лексикалық қорға өткен көптеген сөздер дәлел:

ҚАРХАНА *зат., көне.* – қорған, бекініс (Қалиев, 2014: 344);

ҚАБАҚХАНА *зат., көне.* – тамақ, арақ-шарап ішетін орын (Қалиев, 2014: 310);

МАЙХАНА *зат., көне.* – хан ордасы (Қалиев, 2014: 405);

РАСЫТХАНА *зат., көне.* – обсерватория (Қалиев, 2014: 481);

БАЛАХАНА *зат., көне.* – көш кезінде түйе үстіне жасалып, ішіне жас бала мен қарт адамдар отыратын жай (Қалиев, 2014: 88);

БӨБЕКХАНА *зат., көне.* – бөбектер үйі (ҚОС);

БАЛДАХАНА *зат., көне.* – көлік үстіне немесе адамдар иығына салып көтеретін, ішіне ұлық отыратын, төбесі жабық, қабырғалары перделенген құрылыс (Қалиев, 2014: 89);

ГҮРТХАНА *зат., көне.* – шығыс қалаларындағы шарап пен ас ішетін орын (Қалиев, 2014: 145).

Көріп отырғанымыздай, *-хана* компоненті бар көне сөздер мемлекеттік басқару, ғылым, қоғамдық тұрмыс секілді тарихи құбылыстарды білдірген. Сонымен қатар тәуелсіздік кезеңінде кейбір архаизмдер семантикалық қайта жаңғыруға ұшырап, жаңа мағынаға ие болып, семантикалық неологизмдерге айналды. Мәселен, БАЛАХАНА *зат., жаңа* – бақ ішінде таза ауада демалуға арналған, төбесі жабық, айналасы ашық жеңіл құрылыс (беседка) (Қалиев, 2014: 88) – сөздікте «жаңа» белгісімен берілген.

Сол сияқты ТОЙХАНА сөзі ертеректе тойға берілетін дәстүрлі сыйлықты (мал, кілем, ақша) білдірсе, қазіргі қазақ тілінде бұл мағына жойылып, «салтанатты шаралар өткізілетін зал, банкет залы немесе мейрамхана» деген жаңа мағынада қолданылады.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін *-хана* аффиксі айрықша икемділік танытып, жаңа ұғымдарды дәстүрлі морфологиялық құрылымға бейімдеуде. Бұл сөзжасамдық модельдің өміршеңдігін және даму динамикасын көрсетеді, ал «бұрын өнімсіз деп саналған аффикстің қазіргі таңда өнімділігі артып келеді» (Ulagat.com). Сөзжасамдағы өнімді аффикстер деп жүйелі түрде қолданылатын әрі қолданыс жиілігі жоғары морфемаларды айтады. Мұндай морфемалар тілде жаңа сөздер жасауда белсенді қызмет атқарып, негіздің құрылымын өзгертпестен әртүрлі түбірлерге еркін жалғана алады. Дегенмен морфемалардың өнімділігін айқындайтын нақты сандық өлшемдер тіл білімінде белгіленбеген.

-хана компоненті арқылы жаңа қоғамдық құбылыстарды, ұғымдарды, ұйымдар мен мекемелерді, сондай-ақ түрлі заттарды атайтын жаңа сөздер жасалады. Мұндай бірліктер қазақ тілінің лексикалық қорын толықтырып, сөздіктерге «жаңа» белгісімен еніп жатыр: ДӘРІСХАНА *зат., жаңа*; ОЙЫНХАНА *зат., жаңа*; КОФЕХАНА *зат., жаңа* (ҚОС).

Кейбір неологизмдер әлі сөздіктерде бекімегенімен, тілдік қолданыста белсенді жұмсалып, біртіндеп тілдік дерекке айналууда. Алдағы уақытта олардың да сөздіктерде «жаңа» белгісімен тіркелуі ықтимал: ТОЙХАНА, ТАНЫСХАНА, САМСАХАНА, ШАШЛЫКХАНА, СЫРАХАНА, ПАЛАУХАНА.

Тәуелсіз Қазақстан кезеңіндегі *-хана* аффиксоидінің мұндай белсенділігі кейде қоғамдық орындар мен мекемелердің орысша атауларына үйренген, жаңа тілдік құбылыстар мен тілдің ішкі механизмдерінің әрекетін толық түсіне бермейтін тіл тұтынушылары тарапынан теріс

бағалауға да ұшырап отырды.

Сондай-ақ 1990-жылдардың басындағы тілдік жаңғыру кезеңінде жасалған ТЕЛЕХАНА, РАДИОХАНА сияқты кейбір композиттердің қазіргі қолданыстан шығып қалғанын атап өту қажет. Бұл құбылыс тілдің ішкі механизмдерінің динамикалы әрі икемді екенін, сондай-ақ оның жекелеген неологизмдерді қабылдап, енді бірін қолданыстан ығыстырып отыратын қабілетін айқын көрсетеді.

Қорытынды

-хана аффиксоиді «орын/бөлме» мағынасын білдіретін зат есімдердің айқын логикалық санатын құрайды. Бұл аффикс жиілігі оны қазақ лексикалық жүйесін толықтыру үрдісінің қозғаушы күштерінің біріне айналдырады. Бұл модельдердің мағынасын түсіну тілді зерттеуді айтарлықтай жеңілдетеді: түбірді біле тұра (мысалы, *кітап, аспаз, дәрет*), күрделі туынды сөздің мағынасын автоматты түрде түсіне аласыз. Бұл құбылыс белгілі тілдік элементтердің тіркесуі арқылы жаңа мағыналардың жасалуын қамтамасыз ететін қазақ грамматикасының жүйелілігі мен болжамдылық сипатын айқындайды. Сөзжасам механизмі қазақ сөйлеуінің тазалығы мен байлығын сақтауда маңызды рөл атқарады (Күдерина, Маралбек, 2025). Аффикстер жүйесі түбірлердің шектеулі қорына негізделі отырып, адам әрекетінің әртүрлі қырларын, оның нысандармен байланысын және кәсіби қызмет ерекшеліктерін дәл бейнелеуге мүмкіндік береді. -хана аффиксоиді парсы тілінен енген кірме элемент болғанымен, қазақ тілінің сөзжасам жүйесіне толық бейімделген. Сондықтан ғалымдар оны сөздік қорды байыту, морфологиялық бейімделу және сөзжасам тәсілдерін жіктеу тұрғысынан қарастырады.

Әдебиеттер

- Баракнин В.Б., Бакиева А.М., Бакиев М.Н., Тажибаева С.Ж., Батура Т.В., Лукпанова Л.Х. Стемматизация и генерация словоформ в казахском языке для систем автоматической обработки текстов // Вычислительные технологии. – 2017. – Вып. 22. – №4. – С. 11-21.
- Бектаев К. Қазақша-орысша сөздік. Казахско-русский словарь. – Алматы: Алтын Қазына, 2007. – 709 б.
- Волкова Н.А., Драчева С.И. Аффиксоиды как морфемы переходного типа в словообразовательной системе русского языка // Мир науки, культуры, образования. – 2020. – №4(83). – С. 307-309. <https://doi.org/10.24411/1991-5497-2020-00769>
- Жаңабекова А.Ә., Пірманова К.Қ. Сөзжасамдық белгіленімдердің құрылымдық аспектісі (туынды сөздер және сөзжасам тәсілдері) // Тілтаным. – 2020. – №3. – 24-34-бб.
- Жиренов С., Оразова Г. Қазақ тіліндегі гидронимдік номинацияның ұлттық-мәдени семантикасы // Тіл және әдебиет: теориясы мен тәжірибесі / Язык и литература: теория и практика. – 2025. – Т. 4. – №4. – 63-77-бб. <https://doi.org/10.52301/2957-5567-2025-4-4-58-73>
- Күдерина К., Маралбек Е. Қазіргі және дәстүрлі қазақ сөзсаптамалары: салыстырмалы талдау // Тіл және әдебиет: теориясы мен тәжірибесі / Язык и литература: теория и практика. – 2025. – Т. 4. – №1. – 49-62-бб. <https://doi.org/10.52301/2957-5567-2025-4-1-49-62>
- Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. Қазақ тілі этимологиясының ғылыми-теориялық негіздері. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2014. – 256 б.
- Қалиев Б. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2014. – 728 б.
- Касым Б. Проблемы и методологии исследования композитообразования современного казахского языка. 2007. URL: https://www.rusnauka.com/4_SVMN_2007/Philologia/18516.doc.htm (қол жеткізу күні: 20.09.2025).
- ҚОС: Қазақша-орысша сөздік. Орысша-қазақша сөздік. – URL: <https://sozdik.kz/> (қол жеткізу күні: 10.10.2025).
- ҚТАС: Қазақ тілінің аймақтық сөздігі / Құраст. Ғ. Қалиев, О. Нақысбеков, Ш. Сарыбаев, А. Үдербаев және т.б. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2005. – 824 б. URL: <https://sozdikqor.kz/sozdik/?id=73> (қол жеткізу күні: 10.11.2025).
- Момынкулов Ж.Б. Развитие казахского языка в период независимости Республики Казахстан // Ученые записки Крымского федерального университета имени В.И. Вернадского. Филологические науки. – 2011. – Вып. 24(63). – №3–2. – С. 176-183.
- Мұсабаев Ғ.Ғ. Қосымша -дай/дей, -тай/тей туралы // Известия Академии наук Казахской ССР. Серия филологии и искусствоведения. – 1955. – Вып. 3–4.
- Сарсенбаева М.К. О семантическом аспекте словообразования в казахском языкознании // Всероссийский журнал научных публикаций. Филологические науки. – 2011. – Вып. 2. – №3. – С. 34-35.
- Сауранбаев Н.Т. Проблемы казахского языкознания. Избранные труды. – Алма-Ата: Наука, 1982. – 352 с.
- Тектигул Ж. Эволюция общетюркских аффиксов в казахском языке. – Академия естествознания, 2013. URL: <https://monographs.ru/ru/book/section?id=6658> (қол жеткізу күні: 20.09.2025).
- Темиргазина З.К., Андрущенко О.К. Десемантизация древнетюркских элементов *baj, bek, xan* в современных казахских антропонимах // Turkic studies journal. – 2023. – Вып. 5. – №1. – С. 129-142. <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2023-1-129-142>.

Ысқақов А. Қазақ тіліндегі күрделі сөздер // Қазақстан мектебі. – 1963. – №3. – 72 б.

Ысқақов А. Қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 310 б.

Akar, A., Pirmanova, K.K., Shaimerdenova, N.Zh., Shalabayeva, I.M. Methods of Transferring Full Word-Formation Affixes in the National Corpus of the Kazakh Language // Tiltanyim. 2023. No. 3. Pp. 3-14. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2023-3-3-14>.

Bauer, L. Compounds and Compounding. Cambridge: Cambridge University Press, 2017. 195 p.

Ulagat.com. Сөз таптарының сөзжасамы. Зат есім сөзжасамы. 2020. URL: <https://ulagat.com/2020/12/17/> (қол жеткізу күні: 20.09.2025).

References

Akar, A., Pirmanova, K.K., Shaimerdenova, N.Zh., Shalabayeva, I.M. (2023) Methods of Transferring Full Word-Formation Affixes in the National Corpus of the Kazakh Language. Tiltanyim. No. 3. Pp. 3-14. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2023-3-3-14>. (in English)

Barahnin, V.B., Bakieva, A.M., Bakiev, M.N., Tazhibayeva, S.Zh., Batura, T.V., Lukpanova, L.H. (2017) Stematizacija i generacija slovoform v kazahskom jazyke dlja sistem avtomaticheskoy obrabotki tekstov. Vychislitel'nye tehnologii. Vyp. 22. No. 4. S. 11-21. [Barakhnin, V.B., Bakiyeva, A.M., Bakiyev, M.N., Tazhibayeva, S.Zh., Batura, T.V., Lukpanova, L.Kh. (2017) Stematization and generation of word forms in the Kazakh language for automatic text processing systems. Computational technologies. Issue 22. No. 4. Pp. 11-21.] (in Russian)

Bauer, L. (2017) Compounds and Compounding. Cambridge: Cambridge University Press, 195 p. (in English)

Bektaev, K. (2007) Qazaqsha-oryssha sozdik. Kazahsko-russkij slovar'. Almaty: Altyn Qazyna, 709 b. [Bektayev, K. (2007) Kazakh-Russian dictionary. Almaty: Altyn Qazyna, 709 p.] (in Kazakh and Russian)

Kasym, B. (2007) Problemy i metodologii issledovaniya kompozitobrazovaniya sovremennogo kazahskogo jazyka. [Kassym, B. (2007) Problems and methodologies for studying composite formation of the modern Kazakh language.] https://www.rusnauka.com/4_SVMN_2007/Philologia/18516.doc.htm (date of Use: 09.20.2025) (in Russian)

Kuderinova, Q., Maralbek, E. (2025) Qazirgi zhane dasturli qazaq sozsaptamy: salystymaly taldau. Til zhane adebiet: teorijasy men tazhiribesi / Jazyk i literatura: teorija i praktika. T. 4. No. 1. 49-62-bb. [Kuderinova, K., Maralbek, Ye. (2025) Modern and traditional Kazakh speech production: comparative analysis. Language and Literature: Theory and Practice. Issue 4. No. 1. Pp. 49-62. <https://doi.org/10.52301/2957-5567-2025-4-1-49-62>] (in Kazakh)

Momynkulov, Zh.B. (2011) Razvitie kazahskogo jazyka v period nezavisimosti Respubliki Kazahstan. Uchenye zapiski Krymskogo federal'nogo universiteta imeni V.I. Vernadskogo. Filologicheskie nauki. Vyp. 24(63), No. 3–2. S. 176-183. [Momynkulov, Zh.B. (2011) Development of the Kazakh language during the period of independence of the Republic of Kazakhstan. Scientific Notes of the Crimean Federal University named after V.I. Vernadsky. Philological sciences. Issue 24(63). No. 3–2. Pp. 176-183.] (in Russian)

Musabaev, G.G. (1955) Qosymsha -daj/dej, -taj/tej turaly. Izvestiya Akademii nauk Kazahskoj SSR. Seriya filologii i iskusstvovedeniya. Vyp. 3–4. [Musabayev, G.G. (1955) The Kazakh language and its meaning. Bulletin of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR. Series on Philology and Art Criticism. Issues 3–4.] (in Kazakh)

Qajdar, A. (2014) Gylymdagy gumyr. Qazaq tili jetimologijasynyng gylimi-teorijalyq negizderi. Almaty: “Sardar” baspa uji, 256 b. [Qaidar, A. (2014) Life in science. Scientific and theoretical foundations of the etymology of the Kazakh language. Almaty: “Sardar” publishing house, 256 p.] (in Kazakh)

Qaliev, B. (2014) Qazaq tilining tusindirme sozdigi. Almaty: Memlekettik tildi damytu instituty, 728 b. [Kaliyev, B. (2014) Explanatory dictionary of the Kazakh language. Almaty: Institute for the Development of the State Language, 728 p.] (in Kazakh)

QOS: Qazaqsha-oryssha sozdik. Oryssha-qazaqsha sozdik. [KRD: Kazakh-Russian dictionary. Russian-Kazakh dictionary.] <https://sozdik.kz/> (date of Use: 10.10.2025) (in Kazakh and Russian)

QTAS: Qazaq tilining ajmaqtyq sozdigi (2005). Qurast. Qaliev, G., Naqysbekov, O., Sarybaev, Sh., Uderbaev, A. zhane t.b. Almaty: “Arys” baspasy, 824 b. [RDKL: Regional dictionary of the Kazakh language (2005). Compiled by Kaliyev, G., Nakysbekov, O., Sarybayev, Sh., Uderbayev, A. and others. Almaty: “Arys” publishing house, 824 p.] <https://sozdikgor.kz/sozdik/?id=73> (date of Use: 10.11.2025) (in Kazakh)

Sarsenbaeva, M.K. (2011) O semanticheskoy aspekte slovoobrazovaniya v kazahskom jazykoznanii. Vserossiiskij zhurnal nauchnykh publikacij. Filologicheskie nauki. Vyp. 2. No. 3. S. 34-35. [Sarsenbayeva, M.K. (2011) On the semantic aspect of word formation in Kazakh linguistics. All-Russian journal of scientific publications. Philological sciences. Issue 2. No. 3. Pp. 34-35.] (in Russian)

Sauranbaev, N.T. (1982) Problemy kazahskogo jazykoznanija. Izbrannye trudy. Alma-Ata: “Nauka”, 352 s. [Sauranbayev, N.T. (1982) Problems of Kazakh linguistics. Selected works. Alma-Ata: Nauka, 352 p.] (in Russian)

Tektigul, Zh. (2013) Jevoljucija obshetjurkskikh affiksov v kazahskom jazyke. Akademiya estestvoznaniya. [Tektigul, J. (2013) Evolution of common Turkic affixes in the Kazakh language. Academy of Natural Sciences.] <https://monographies.ru/ru/book/section?id=6658> (date of Use: 09.20.2025) (in Russian)

Temirgazina, Z.K., Andryushchenko, O.K. (2023) Desemantizacija drevnetjurkskikh jelementov *baj*, *bek*, *han* v sovremennykh kazahskikh antroponimakh. Turkic studies journal. Vyp. 5. No. 1. S. 129-142. [Temirgazina, Z.K., Andryushchenko, O.K. (2023) Desemantization of the ancient Turkic elements *baj*, *bek*, *xan* in modern Kazakh anthroponyms. Turkic studies journal. Issue 5. No. 1. Pp. 129-142.] <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2023-1-129-142> (in Russian)

Ulagat.com. (2020) Soz taptarynyng sozzhasamy. Zat esim sozzhasamy. [Ulagat.com. (2020) Word formation of word classes. Noun word formation]. <https://ulagat.com/2020/12/17/> (date of Use: 20.09.2025) (in Kazakh)

Volkova, N.A., Dracheva, S.I. (2020) Affiksoidy kak morfemy perehodnogo tipa v slovoobrazovatel'noj sisteme russkogo jazyka. Mir nauki, kul'tury, obrazovaniya. No. 4 (83). S. 307-309. [Volkova, N.A., Dracheva, S.I. (2020) Affixoids as transitional morphemes in the word-formation system of the Russian language. World of Science, Culture, Education. No. 4 (83). Pp. 307-309.] <https://doi.org/10.24411/1991-5497-2020-00769> (in Russian)

Ysqaqov, A. (1963) Qazaq tilindegi kurdeli sozder. Qazaqstan mektebi. No. 3. 72 b. [Iskakov, A. (1963) Complex words in the Kazakh language. School of Kazakhstan. No. 3. 72 p.] (in Kazakh)

Ysqaqov, A. (1991) Qazaq tilining morfologijasy. Almaty: Ana tili, 310 b. [Iskakov, A. (1991) Morphology of the Kazakh language. Almaty: Ana tili, 310 p.] (in Kazakh)

Zhangabekova, A.A., Pirmanova, K.K. (2020) Sozzhasamdyq belgilenimderding qurylymdyq aspektisi (tuyndy sozder zhane sozzhasam tasilderi). Tiltany. No. 3. 24-34-bb. [Zhanabekova, A.A., Pirmanova, K.K. (2020) Structural aspect of word-formation designations (derivatives and word-formation methods). Tiltany. No. 3. Pp. 24-34.] (in Kazakh)

Zhirenov, S., Orazova, G. (2025) Qazaq tilindegi gidronimdik nominacijanyng ulttyq-madeni semantikasy. Til zhane adebiet: teorijasy men tazhiribesi. Jazyk i literatura: teorija i praktika. T. 4. No. 4. B. 63-77. [Zhirenov, S., Orazova, G. (2025) National-cultural semantics of hydronymic nomination in the Kazakh language. Language and Literature: Theory and Practice. Issue 4. No. 4. Pp. 63-77.] <https://doi.org/10.52301/2957-5567-2025-4-4-58-73> (in Kazakh)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 29.01.2026.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 23.06.2026.

Интернетте қол жетімді / Доступно онлайн / Available online: 30.06.2026.

© Темірғазина З.Қ., Құрманова З.К., Шахажанова Г.К., 2026

